

Маңғыстау облыстық мәслихатының 2019 жылғы 25 қазандағы № 31/370 "Маңғыстау облысы бойынша жерлеудің және зираттарды күтіп ұстau ісін үйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Маңғыстау облыстық мәслихатының 2024 жылғы 30 қыркүйектегі № 15/160 шешімі

Маңғыстау облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Маңғыстау облысы бойынша жерлеудің және зираттарды күтіп ұстau ісін үйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Маңғыстау облыстық мәслихатының 2019 жылғы 25 қазандағы № 31/370 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4011 болып тіркелген) келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Маңғыстау облысы бойынша жерлеудің және зираттарды күтіп ұстau ісін үйымдастыру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Маңғыстау облысындағы жерлеудің және зираттарды күтіп ұстau ісін үйымдастырудың қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 1-тармағының 1-16) тармақшасына сәйкес әзірленді және жерлеу мен зираттарды күтіп ұстau ісін үйымдастырудың тәртібін айқындайды.

Зират қорымдарын күтіп ұстauға және пайдалануға, қайтыс болған адамдарды немесе олардың сүйектерін жерлеуді және қайта жерлеуді үйымдастыруға, сондай-ақ жерлеу мақсатындағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар "Зираттарға және жерлеу мақсатындағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 19 тамыздағы № КР ДСМ-81 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24066 болып тіркелген) бекітілген санитариялық қағидаларында айқындалады.

Зират қорымдарын жобалау қағидаттарын айқындау және оларды күтіп ұстauға, жерлеу ісін, жерлеу салт-жорасын (адамның сүйектерін немесе құлін жерлеу рәсімін) үйымдастыру тәртібіне, сондай-ақ жерлеу орындарын күтіп ұстauға және Қазақстан Республикасындағы жерлеу ісі мәселелері жөніндегі мамандандырылған қызметтердің жұмысына ұсынымдар "Қазақстан Республикасының Зираттарды жобалау және күтіп ұстau" қағидалар жинағымен" (КР ҚЖ 3.02-141-2014) айқындалады.";

2-тармақтың 1) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"1) азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі (бұдан әрі – тіркеуші орган) – азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді және азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуге

байланысты мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің басқа да түрлерін жүзеге асыратын "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы;";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жергілікті атқарушы органдар зират қорымы орналасқан және оларға арналған ортақ пайдаланудағы жерден елді мекенниң қайтыс болған әрбір тұрғынын немесе осы елді мекенде қайтыс болған тұрғылықты жері белгісіз адамды жерлеу үшін кемінде алты шаршы метр жер участекін тегін бөледі.

Зират қорымының аумағы зираттарға арналған қатарларға бөлінетін участеклерден тұрады және оған автомобиль көлігіне арналған журу жолдары мен зират участеклеріне өтетін жолдар салынады.

Аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың әкімдіктері:

зиратқа арналған жер участеклерін есепке алу деректерін (мәліметтерін) жинақтауды және тіркеуді ұйымдастырады;

жерлеу, зират қорымдарын күтіп ұстаяу және оларға қызмет көрсету жөніндегі шарт талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсында және Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің міндеттін атқарушының 2023 жылғы 12 шілдедегі № 252/НҚ бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33106 болып тіркелген) жария кадастрық картада зират қорымының бос емес және бос участеклері бойынша өзекті ақпаратты орналастырады.

Облыстық маңызы бар қаланың, қаладағы ауданың, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі зираттарға арналған жер участеклерін есепке алуды және тіркеуді есепке алу журналдарының негізінде жүргізеді.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Мынадай:

зират қорымын немесе оның участекін мерзімінен бұрын жою;

сүйектерді Қазақстан Республикасының басқа жерлеріне немесе одан тыс жерлерге қайта жерлеу үшін жекелеген зираттардан тасымалдау жағдайларын қоспағанда, жұмыс істеп тұрған және жабық зират қорымдарында сүйектерді қайта жерлеуге рұқсат етілмейді.

Қайтыс болған адамдарда аса қауіпті инфекциялық ауру (куйдіргі, конго-қырым геморрагиялық қызбасы) болмаған жағдайда жерленген сәтінен бастап алғашқы екі апта ішінде кейіннен үш жылдан ерте емес, құмдауыт жерлерде бір жылдан ерте емес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның келісімі бойынша сүйектерді қайта жерлеуге жол беріледі.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Ауданың, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органды мен зират қорымының әкімшілігі арасында жерлеуге, зират қорымдарын күтіп ұстаяға және

оларға қызмет көрсетуге шарт жасасу жүргізілетін конкурс қорытындысы бойынша мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес белгілінген мерзімде жүзеге асырылады".

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Манғыстау облыстық мәслихатының төрағасы

Ж. Матаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әдіlet министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК